

«Т. Есетов атындағы №264 мектеп-лицейі» АМЖА директоры:



Бекітемін

«21» сентября 2024ж

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушыларға жеке және топтық сабақтарға арналған түзете - дамыту бағдарламасы

Педагог-логопед: Абдималик Ә.А

2024-2025 оқу жылы

Сонорлы («Л», «Р») дыбыстарды түзетуге арналған топтық сабақтардың бағдарламасы

Бірінші жартыжылдық

Педагог-логопед: Абдималик Ә.А

Түсінік хат

Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрлігінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығының бастауыш білім беру деңгейінің үлгілік оқу бағдарламалары мен оқулықтарының мазмұнындағы ортақ тақырыптары және дыбыс айту бұзылыстарын түзету кезеңдерін (Қ.Қ.Өмірбекова, Г.Б.Ибатова) негізге ала отырып құрастырылды.

Дыбыстарды түзету жұмысы кезең-кезеңімен жүргізіледі және оны 4 негізгі кезеңге бөліп қарастырамыз: дайындық кезеңі, дыбысты қою кезеңі, дыбысты дұрыс айтуға машықтандыру кезеңі және ұқсас дыбыстардан ажырату кезеңі. Әр кезеңнің өзінің мақсаты мен міндеттері бар. «Л», «Р» дыбысын түзетуге арналған күнтізбелік-тақырыптық жоспар аталған 4 кезеңнің мақсат-міндеттерін негізге ала отырып құрастырылған.

Дайындық кезеңінің негізгі мақсаты – дыбысты дұрыс қабылдап, қайталауға қажетті сөйлеу-есту және сөйлеу-қимыл анализаторларын дайындау. Бұл кезеңде дыбыстың артикуляциялық қалпын, бағытталған ауа ағынын және фонематикалық есту қабілетін дамыту, тірек дыбыстар бойынша жұмыстар жүргізіледі.

Дыбысты қою кезеңінің мақсаты – жеке дыбысты дұрыс, анық айтуға үйрету. Аталған кезеңде жаттықтырылған артикуляциялық аппарат мүшелерінің қозғалыстары мен қалпын біріктіру, дыбыстың артикуляциялық базасын жасау, ауа ағыны мен дауысын қосу, жеке дыбысты дұрыс айтуға дағдыландыру жұмыстары жүргізіледі.

Дыбысты машықтандыру кезеңінің негізгі мақсаты – дыбысты фразалық сөйлеуінде дұрыс айтқызуға қол жеткізу. Жұмыстың мазмұны – қойылған дыбыстың жеке айтылуын, кезектілікпен буындарда (ашық, жабық, тұйық), сөздерде (сөздің басында, ортасында, аяғында), сөз тіркестерінде, сөйлемдерде (жай және құрмалас сөйлемдерде, жаңылтпаштар мен жұмбақтарда), байланыстып сөйлеу тілінде және өзіндік сөйлеуіне енгізу.

Дыбысты ажырату кезеңінің мақсаты – шатастырып немесе алмастырылып айтылатын дыбыстарды ажыратуға үйрету, өзіндік сөйлеу тілінде оларды дұрыс қолдануға дағдыландыру. Жұмыстың мазмұны шатастыратын немесе алмастыратын дыбыстарды артикуляциялық және акустикалық белгілері бойынша ретімен ажырату, алдымен жеке дыбыстарда, буындарда, сөздерде, сөйлемдерде, жұмбақ-жаңылтпаштарда, өзіндік сөйлеу тілінде ажырату. Дыбыстарды ажырату бойынша жүргізілетін жұмыс келесі бағыттарды іске асырылады: естіп ажыратуын дамыту, дыбысты айтып ажыратуын бекіту, фонематикалық талдау мен жинақтау дағдыларын дамыту.

№	Жұмыстың бағыты. Мақсат және күтілетін нәтиже	Жетістіктерін белгілеу + немесе –	Ескерту
1	I. Сөйлеудің фонетикалық-фонематикалық құрамы 1. [Л],[Р] дыбысын қою және дыбыстарды автоматтандыру. [Л], [Р] дыбысын буындарда, сөздерде, сөйлемдерде, байланыстырып сөйлеу тілінде машықтандыру. Л-Р дыбыстарын ажырату. 2. Дыбыс пен әріпті ажырату; - Дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырату (дыбыс сызбасы); - Дыбыстық-әріптік талдау мен жинақтау дағдыларын дамыту; 3. Дыбыстық-буындық талдауын дамыту. - сөздегі бірінші және соңғы буынды, дыбысты ерекшелеу; - сөздегі дыбыс, буындардың реттілігін анықтау (дыбыс, буын сызбасы); - фонематикалық қабылдауын дамыту; - буын, сөзді буынға бөлу; дауысты дыбыстардан буын құрау дағдыларын қалыптастыру;		
2	II. Лексиканы дамыту (өзінің сөйлеуі және түсіну). 1. Оқулықтағы жаңа сөздермен жұмыс: Менің отбасым (ата, әже, ана, әке, іні, қарындас, аға, әпке, отбасылық мерекелер), менің мектебім (кітапхана, асхана, сынып, спортзал), менің мекенжайым (қала, ауыл, көше), Қазақстан қалалары, жемістер (алма, алмұрт, қара өрік, жүзім, өрік, көкөністер (қызанақ, қияр, картоп, сәбіз, бұрыш, асқабақ, орамжапырақ), менің достарым, жыл мезгілдері, апта күндері, күн тәртібі, үй жануарлары, жабайы жануарлар, санамақтар мен жаңылтпаштар, ҚР мемлекеттік рәміздері. 2. Мағынасы қарама-қарсы сөздер: ауыр-жеңіл, ұзын-қысқа, алыс-жақын, қымбат-арзан, қалың-жұқа, үлкен-кіші, биік-аласа, артық-кем.		

3	III. Грамматикалық құрылымын қалыптастыру (өзінің сөйлеуі және түсіну). - Сөйлем мен сөз. - Сөйлем. Сурет бойынша сөйлем құрастыру; - Берілген сөздерден сөйлемдер құрастыру; - Сөйлемдегі сөздердің санын анықтау, сөйлемдердің графикалық модельдерін құру; - Қарапайым сұрақтарға жауап беру, сюжетті суретке қарап мәтін құрастыру; - Сюжетті суреттер бойынша әңгіме құрау;		
---	---	--	--

Аграмматикалық дисграфияны түзетуге арналған жеке сабақтардың бағдарламасы

Бірінші жартыжылдық

Педагог-логопед: Абдималик Ә.А

Түсінік хат

Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрлігінің **2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 бұйрығының 12-қосымшасына** сәйкес бастауыш білім беруге арналған «Қазақ тілі» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын және жазбаша сөйлеу тілінің бұзылыстарын түзету әдістемесін негізге ала отырып құрастырылды.

Аграмматикалық дисграфия – сөйлеу тілінің грамматикалық жағының (морфологиялық, синтаксистік) жетілмеуі. Жазуда сөйлем деңгейіндегі аграмматизмдер, сөздің морфологиялық құрылымының бұзылуымен, жалғау, жұрнақтарды алмастырумен, септік жалғауды дұрыс қолданбауымен, күрделі сөйлемдерді құрастырудағы қиыншылықтармен, сөйлемдегі сөз кезектілігін сақтамау, тастап кетумен сипатталады.

Аграмматикалық дисграмматиканы түзету жұмыстары тілдің лексикалық, морфологиялық және синтаксистік жүйесін дамытуда қалыпты онтогенездің заңдылықтарын ескере отырып жүргізіледі. Жұмыс процесінде сөйлеу формалары (ауызша, жазбаша), тапсырмалар және сөйлеу материалы қарапайымнан күрделіге қарай ұсынылады. Сөзжасам дағдылары алдымен сөз тіркестерінде, кейін сөйлемдерде, содан кейін байланыстып сөйлеу тілінде бекітіледі. Жұмыстың бастапқы кезеңінде ауызша сөйлеу тілінде сөзжасам дағдыларын қалыптастырып, ал кейінірек - жазбаша сөйлеу тілінде сөзжасам дағдыларын бекіту жүзеге асырылады.

Аграмматикалық дисграфияны түзету жұмыстары өзара бір-бірімен байланысты үш кезеңнен тұрады.

Бірінші кезеңінің жұмыс бағыты –сөзжасам дағдыларын қалыптастыру.

- Сөздің түбірі мен қосымшасы туралы түсініктерін дамыта отырып, сөйлемдерде дұрыс қолдануын қалыптастыру;
- Қосымша түрлері (жұрнақ пен жалғау), олардың белгіленуін таныстыру және сөздерге дұрыс қолдануын қалыптастыру;
- Қосымша түрлерін сөйлем арасында дұрыс қолдануын қалыптастыру;
- Негізгі түбірге жұрнақ жалғану арқылы туынды сөз жасау дағдыларын қалыптастыру;
- Тәуелдік жалғауларын дұрыс қолдану дағдыларын дамыту;
- Көптік жалғауларын -лар/лер, -дар/дер, -тар/тер және жіктік жалғауларын дұрыс қолдану арқылы сөйлемдерді дұрыс айту мен жазу дағдыларын қалыптастыру;
- Антоним, синоним сөздерді қолдана алуын бекіту;

Екінші кезеңінің жұмыс бағыты - сөз тіркестері мен сөйлемдердегі сөздерді байланыстырудың әртүрлі тәсілдерін қолдану:

- Зат есім және оның түрлерін ауызша және жазбаша сөйлеу тілінде қолдану және сөйлемде қолдану аясын меңгеру;
- Жекеше түрдегі зат есімдерді көпше түріне айналдырып сөйлемде қолдануын қалыптастыру;

- Зат есімге көптік жалғауларын -лар/лер, -дар/дер, -тар/тер және жіктік жалғауларын дұрыс қолдану арқылы сөйлемдерді дұрыс айту мен жазу дағдыларын қалыптастыру;
- Зат есімді жіктеуге қатысатын жалғауларды ажыра білуі мен дұрыс қолдану дағдыларын бекіту;
- Тәуелдік жалғауының жекеше, көпше түрлерін сөйлемдерде қолдана алуын қалыптастыру;
- Сын есім және оның түрлерін ауызша және жазбаша сөйлеу тілінде қолдануды белсендіру;
- Негізгі және туынды сын есімдер туралы түсініктерін бекіту;
- Сын есімнің есім сөздерге жұрнақ жалғану арқылы жасалуын үйрету және сөйлемде дұрыс қолдануын қалыптастыру;
- Сын есімнің етістікке жұрнақ жалғану арқылы жасалуын үйрету;
- Сын есімнің салыстырмалы шырайы туралы түсініктерін қалыптастыру;
- Сын есімнің күшейтпелі шырайы туралы түсініктерін қалыптастыру;
- Етістік және оның түрлерін ауызша және жазбаша сөйлеу тілінде қолдануды белсендіру;
- Етістіктің негізгі және туынды түбір етістіктері туралы білімдерін дамыта отырып, жазбаша сөйлеу тілінде дұрыс қолдануын қалыптастыру;
- Етістіктің болымды және болымсыз түрлерімен таныстыру;
- Етістіктің шақтарын сөйлемде дұрыс қолдануға дағдыландыру;
- Сан есім және оның түрлерін ауызша және жазбаша сөйлеу тілінде қолдануды белсендіру;
- Сан есімнің негізгі және туынды түрлері туралы білімдерін молайта отырып, сөйлемдегі орнын табуға үйрету;
- Реттік сан есімдерді сөйлемнің мағынасына қарай дұрыс қолдануды үйрету.

Үшінші кезеңінің жұмыс бағыты - сөз тіркестері мен сөйлемдердегі сөздерді байланыстырудың күрделі тәсілдерін игеру;

- «Сөз», «сөз тіркесі», «сөйлем», «мәтін» туралы түсініктерін қалыптастыру және ажырату;
- Сөйлемдегі сөздердің байланысы: сұрақ қою арқылы сөйлемнің ішінен бір-бірімен байланысып тұрған сөздерді табу;
- Сөздердің орналасу тәртібін ескере отырып, сөздерден сөйлем құрау;
- Сұрақ бойынша сөйлемді толықтырып жазу;
- Үлгі, сызба, суреттер бойынша сөйлем құрап жазу;
- Берілген тақырып бойынша әңгіме құрау дағдыларын дамыту;
- Мәтін түрлерімен таныстыру және мәтін түрлерін ажырату дағдыларын бекіту.
- Сөйлемнің тұрлаулы (бастауыш, баяндауыш) және тұрлаусыз мүшелерін ажырату;
- Жай сөйлем және оның түрлерімен таныстыру;

- Жалаң және жайылма сөйлемдерді ажырату дағдыларын қалыптастыру;
- Құрмалас сөйлемді сызба бойынша құрау;
- Құрмалас сөйлемнің тыныс белгісін қолдану;
- Мәтін туралы түсінік қалыптастыру;
- Жеке сөйлемдерден мәтіннің ерекшелігін, мәтіннің тақырыбы және ондағы негізгі ойды анықтау дағдыларын дамыту;
- Мәтінге, сюжетті суреттерге ат қою, тірек сөздер арқылы мәтіннің мазмұнын болжау;
- Мәтін түрлері (әңгімелеу, сипаттау, пайымдау) туралы түсініктерін кеңейту;
- Мәтіннің тақырыбын және ондағы негізгі ойды анықтау;
- Мәтін мазмұны бойынша пікір білдіруге бағытталған сұрақтар құрастыру және жауап беру;
- Мәтіндерге салыстырмалы талдау жасау дағдыларын дамыту;

Қорытынды кезеңде өткен тақырыптарды бекіту, түзете-дамыту жұмыстарының нәтижесін қорытындылау жұмыстары жүргізіледі.

№	Жұмыстың бағыты. Мақсат және күтілетін нәтиже	Жетістіктерін белгілеу + немесе –	Ескерту
1	Бірінші кезең - Сөздің түбірі мен қосымшасы туралы түсініктерін дамыту; - Түбір мен қосымшаның бір-бірінен айырмашылығын ажырату; - Қосымша түрлері: жұрнақ пен жалғау, олардың белгіленуін білу; - Негізгі түбірге жұрнақтар жалғау арқылы туынды сөз жасау дағдысын қалыптастыру; - Тәуелдік жалғауларын дұрыс қолдану дағдыларын дамыту; - Көптік және жіктік жалғауларын дұрыс қолдану дағдыларын дамыту; - Антоним, синоним сөздерді қолдана алуын бекіту;		
2	Екінші кезең - Зат есім және оның түрлерін ауызша және жазбаша сөйлеу тілінде қолдануды белсендіру; - Жекеше түрдегі зат есімдерді көпше түріне айналдырып сөйлемде қолдануын қалыптастыру;		

	- Зат есімді жіктеуге қатысатын жалғауларды ажыра білуі мен дұрыс қолдану дағдыларын бекіту; - Тәуелдік жалғауының жекеше, көпше түрін сөйлемдерде қолдана алуын қалыптастыру; - Сын есім және оның түрлерін ауызша және жазбаша сөйлеу тілінде қолдануды белсендіру; - Негізгі және туынды сын есімдер туралы түсініктерін бекіту; - Сын есімнің есім сөздерге жұрнақ жалғану арқылы жасалуын үйрету;		
--	--	--	--

Бірінші жартыжылдықтан соң, жеке дамыту бағдарламасы бойынша жетістіктер белгіленеді. «-» болған мақсаттар келесі жартыжылдыққа ауыстырылады.

Тұтықпа балаларға арналған топтық сабақтардың бағдарламасы

Бірінші жартыжылдық

Педагог-логопед: Абдималик Ә.А

Түсінік хат

Тұтықпа балалармен жүргізілетін түзете-дамыту жұмыстары бір оқу жылына жоспарланған. Түзете-дамыту жұмыстарының мазмұны келесі бағыттарда болады: бұлшықет тонусын босаңсыту арқылы эмоционалдық жағдайды реттеу, сөйлеу кезіндегі тыныс алуын қалыптастыру, қимыл-қозғалыс ырғақтылығы мен үйлесімділігін (координациясы) дамыту, сөйлеу кезіндегі тыныс алуды қалыптастыру, сөйлеу тілінің просодикалық жағын дамыту.

Тұтықпа балалардың бұлшықет тонусын босаңсыту арқылы эмоционалдық жағдайды реттеуде келесі жаттығулар кешені қолданылады: қол, аяқ және дене бұлшықеттерін босаңсыту жаттығулары, мимикалық және артикуляциялық бұлшықеттерін босаңсыту жаттығулары және жалпы және ұсақ моториканы дамыту жаттығулары.

Сөйлеу кезіндегі тыныс алуды қалыптастыру жұмыстары келесі кезектілікпен жүргізіледі: диафрагмальді дем шығаруға дайындық және диафрагмальді дем шығаруды қою, ұзақ тілдік емес дем шығаруды қалыптастыру, ұзақ фонациялық дем шығаруды дамыту, тілдік (дауысты дыбыстар эталоны арқылы), тілдік дем шығаруды буындарда (ашық, тұйық, бітеу), сөздерде (екі буынды, үш буынды, күрделі құрылымды), сөз тіркестерінде (екі сөзден, үш сөзден, күрделі құрылымды), сөйлемдерде, мәтіндерде, өлең жолдарынды) дамыту.

Жұмыстың келесі бағыты – қимыл-қозғалыс ырғақтылығы мен үйлесімділігін (координациясы) дамыту. Бұл бағытта тілдік және тілдік емес қимыл-қозғалыстың ырғағы мен жылдамдығын сезінуін дамыту, жалпы және артикуляциялық моториканың жылдамдығы мен ырғақтылығын байланыстыру (логоритмика), бұлшықет тонусын реттеу (ырғақты жаттығулар арқылы), жылдамдық пен ырғақ сезімін дамыту (әртүрлі музыкалық жылдамдық пен ырғақта жүру, шапалақтау), сөйлеуді қимыл-қозғалыспен үйлестіруді дамыту (дауысты дыбыстарда, буында, сөздерде, сөз тіркестерінде, мәтінде сөйлеу мен қимыл-қозғалысты үйлестіру) жұмыстары жүргізіледі.

Сөйлеу тілінің просодикалық жағын дамыту: Дауыс күші мен динамикалық диапазонын дамыту (дауысты дыбыстар арқылы), дауыстың әуезділігін дамыту, сөйлеу тілін интонациялық безендіру дағдыларын дамыту, сөйлеу тіліндегі кідірістермен жұмыс.

Түзете-дамыту жұмыстарының тапсырмалары қарапайымнан күрделіге қағидасын негізге ала отырып құрастырылды.

№	Жұмыстың бағыты. Мақсат және күтілетін нәтиже	Жетістіктерін белгілеу + немесе –	Ескерту
1	Бұлшықет тонусын босаңсыту арқылы эмоционалдық жағдайын реттеу - Қол, аяқ және дене бұлшықеттерін босаңсыту; - Мимикалық және артикуляциялық бұлшықеттерін босаңсыту; - Жалпы, ұсақ және артикуляциялық моториканы дамыту;		
2	Қимыл-қозғалыс ырғақтылығы мен үйлесімділігін (координациясы) дамыту - Тілдік және тілдік емес қимыл-қозғалыстың ырғағы мен жылдамдығын сезінуін дамыту; - Жалпы және артикуляциялық моториканың жылдамдығы мен ырғақтылығын байланыстыру (Логоритмика); - Бұлшықет тонусын реттеу (ырғақты жаттығулар арқылы); - Жылдамдық пен ырғақ сезімін дамыту (әртүрлі музыкалық жылдамдық пен ырғақта жүру, шапалақтау және т.б.); - Сөйлеуді қимыл-қозғалыспен үйлестіруді дамыту (дауысты дыбыстарда, буында, сөздерде, сөз тіркестерінде, мәтінде сөйлеу мен қимыл-қозғалысты үйлестіру).		
3	Тыныс алуын қалыптастыру: - Диафрагмальді дем шығаруды қою; - Диафрагмальді дем шығаруды қалыптастыру; - Ауыз арқылы ұзақ дем шығаруды қалыптастыру (Дауысты дыбыстар эталоны арқылы); - Тілдік дем шығаруды буындарда (ашық, тұйық, бітеу) дамыту; - Тілдік дем шығаруды сөздерде (екі буынды, үш буынды, күрделі құрылымды) дамыту; - Сөз тіркестерінде (екі сөзден, үш сөзден, күрделі құрылымды), сөйлемдерде, мәтіндерде, өлең жолдарынды) дамыту;	+	
4	Сөйлеу тілінің просодикалық жағын дамыту:		

	- Дауыс күші мен динамикалық диапазонын дамыту (Дауысты дыбыстар арқылы); - Дауыстың әуезділігін дамыту; - Сөйлеу тілін интонациялық безендіру дағдыларын дамыту; - Сөйлеу тіліндегі кідірістермен жұмыс.		
--	--	--	--

**Жалпы сөйлеу тілі дамымаған II деңгейдегі балаларды түзетуге арналған топтық сабақтардың
бағдарламасы**

Бірінші жартыжылдық

Педагог-логопед: Абдималик Ә.А

Түсінік хат

Сөйлеу тілі жалпы дамымаған II-III деңгейдегі балалармен жүргізілетін топтық сабақтардың бағдарламасы сөйлеу тілінің даму кезеңдері мен логопедиялық диагностиканың нәтижелерін негізге ала отырып құрастырылған. Күнтізбелік-тақырыптық жоспардағы лексикалық тақырыптар Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығына сәйкес бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлеріне арналған «Қазақ тілі» пәнінің үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнынан алынды.

Түзете-дамыту жұмыстарының әдістемесі келесі бағыттардың тұрады:

Сөйлеу тілін түсінуін дамыту:

- «Астында-үстінде», «алдында-артында-жанында», «алыс-жақын» үстеу мәндерін ажырату және қолдану дағдыларын дамыту;
- Көрнекі құралдар арқылы мағынасы бойынша қарама-қарсы сын есімдерді қолдануды дамыту;
- Кішірейткіш-еркелету мәніндегі заттарды атау (үй - үйшік, көл – көлшік) дағдыларын бекіту;
- Етістіктің болымды және болымсыз түрлерін қолдану дағдыларын дамыту;
- Етістіктің шақтарын (осы шақ, келер шақ, өткен шақ) қолдану;
- Жекеше түрде тәуелдік жалғаулы есімдіктерді қолдану дағдыларын дамыту; (Менің кітабым, сенің кітабың, оның кітабы);
- «Мен» жіктеу есімдігін зат есіммен келістіруді үйрету;

Байланыстырып сөйлеуді қалыптастыру:

- Сөйлеу тілінде жай сөйлемдерді қолдана алуға үйрету;
- Берілген графикалық схема бойынша сөйлемдерді құра алуға оқыту: «кім? – сипаты- зат – әрекет»;
- Схема және тірек суреттері бойынша қысқа сипатта әңгімелерді құрастыра алуға үйрету;
- Ілік септігінің жалғауы және заттық суреттер мен сұрақтарға сүйене отыра басқа септіктердің жалғауларының көмегімен жайылма сөйлемді құра алуға оқыту;
- Сұрау сөйлемдерін құрастыру дағдыларын қалыптастыру: «Бұл не?», «Бұл кім?»;

Фонематикалық түсініктердің алғышартын қалыптастыру:

- Тілдік және тілдік емес дыбыстарды ажырату дағдыларын бекіту;
- Артикуляциялық жаттығулар арқылы сөйлеу аппаратының қимыл-қозғалысын дамыту;
- Ерте онтогенез дыбыстарын және дауысты дыбыстарды айту дағдыларын қалыптастыру;
- Берілген буындық құрылымдағы сөздерді айтуға үйрету;

- Буындық талдау мен жинақтау дағдыларының алғышарттарын қалыптастыру;

Сөйлеу қызметінің психологиялық негізін дамыту:

- Көріп қабылдауын, естіп қабылдауын дамыту;
- Есту және көру зейінін дамыту;
- Есте сақтауын дамыту;
- Ойлау операцияларын дамыту;
- Кеңістікте бағдарлау дағдыларын дамыту;
- Қолдың ұсақ моторикасын және саусақ қимылдарының тепе- теңдігін дамыту;
- Сөйлеу кезіндегі тыныс алуын және ұзақ ауыздан дем шығаруды қалыптастыру.

№	Жұмыстың бағыты. Мақсат және күтілетін нәтиже	Жетістіктерін белгілеу + немесе –	Ескерту
1	Сөйлеу тілін түсінуін дамыту: - Жалпылама сипаттағы сөздермен енжар сөздікті толықтыру: тәулік бөліктері, жыл мезгілдерінің атауы, уақыт (кеше, бүгін, ертең); - Ұқсас жағдайларды белгілейтін, іс-әрекеттерді ажырата алуды қалыптастыру; - Етістіктің болымды және болымсыз түрін ажыратуға үйрету.		
2	Белсенді сөздік қорын дамыту: - Сөзжасамның алғашқы дағдыларына қалыптастыру; - «Астында-үстінде», «алдында-артында-жанында», «алыс-жақын» үстеу мәндерін ажырату және қолдану дағдыларын дамыту; - Көрнекі құралдар арқылы мағынасы бойынша қарама-қарсы сын есімдерді қолдануды дамыту; - Кішірейткіш-еркелету мәніндегі заттарды атау (үй - үйшік, көл – көлшік) дағдыларын бекіту; - Етістіктің болымды және болымсыз түрлерін қолдану дағдыларын дамыту; - Етістіктің шақтарын (осы шақ, келер шақ, өткен шақ) қолдану;		

	- Жекеше түрде тәуелдік жалғаулы есімдіктерді қолдану дағдыларын дамыту; (Менің кітабым, сенің кітабың, оның кітабы); - «Мен» жіктеу есімдігін зат есіммен келістіруді үйрету;		
3	Байланыстырып сөйлеуді қалыптастыру: - Сөйлеу тілінде жай сөйлемдерді қолдана алуға үйрету; - Берілген графикалық схема бойынша сөйлемдерді құра алуға оқыту: «кім? – сипаты- зат – әрекет»; - Схема және тірек суреттері бойынша қысқа сипатта әңгімелерді құрастыра алуға үйрету; - Ілік септігінің жалғауы және заттық суреттер мен сұрақтарға сүйене отыра басқа септіктердің жалғауларының көмегімен жайылма сөйлемді құра алуға оқыту; - Сұрау сөйлемдерін құрастыру дағдыларын қалыптастыру: «Бұл не?», «Бұл кім?»;		
4	Фонематикалық түсініктердің алғышартын қалыптастыру: - Тілдік және тілдік емес дыбыстарды ажырату дағдыларын бекіту; - Артикуляциялық жаттығулар арқылы сөйлеу аппаратының қимыл-қозғалысын дамыту; - Ерте онтогенез дыбыстарын және дауысты дыбыстарды айту дағдыларын қалыптастыру; - Берілген буындық құрылымдағы сөздерді айтуға үйрету; - Буындық талдау мен жинақтау дағдыларының алғышарттарын қалыптастыру;		
5	Сөйлеу қызметінің психологиялық негізін дамыту: - Көріп қабылдауын, естіп қабылдауын дамыту; - Есту және көру зейінін дамыту; - Есте сақтауын дамыту; - Ойлау операцияларын дамыту; - Кеңістікте бағдарлау дағдыларын дамыту; - Қолдың ұсақ моторикасын және саусақ қимылдарының тепе-теңдігін дамыту;		

	- Сөйлеу кезіндегі тыныс алуын және ұзақ ауыздан дем шығаруды қалыптастыру;		
--	---	--	--

Сонорлы («Л», «Р») дыбыстарды түзетуге арналған топтық сабақтардың бағдарламасы

Бірінші жартыжылдық

Педагог-логопед: Абдималик Ә.А

Түсінік хат

Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрлігінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығының бастауыш білім беру деңгейінің үлгілік оқу бағдарламалары мен оқулықтарының мазмұнындағы ортақ тақырыптары және дыбыс айту бұзылыстарын түзету кезеңдерін (Қ.Қ.Өмірбекова, Г.Б.Ибатова) негізге ала отырып құрастырылды.

Дыбыстарды түзету жұмысы кезең-кезеңімен жүргізіледі және оны 4 негізгі кезеңге бөліп қарастырамыз: дайындық кезеңі, дыбысты қою кезеңі, дыбысты дұрыс айтуға машықтандыру кезеңі және ұқсас дыбыстардан ажырату кезеңі. Әр кезеңнің өзінің мақсаты мен міндеттері бар. «Л», «Р» дыбысын түзетуге арналған күнтізбелік-тақырыптық жоспар аталған 4 кезеңнің мақсат-міндеттерін негізге ала отырып құрастырылған.

Дайындық кезеңінің негізгі мақсаты – дыбысты дұрыс қабылдап, қайталауға қажетті сөйлеу-есту және сөйлеу-қимыл анализаторларын дайындау. Бұл кезеңде дыбыстың артикуляциялық қалпын, бағытталған ауа ағынын және фонематикалық есту қабілетін дамыту, тірек дыбыстар бойынша жұмыстар жүргізіледі.

Дыбысты қою кезеңінің мақсаты – жеке дыбысты дұрыс, анық айтуға үйрету. Аталған кезеңде жаттықтырылған артикуляциялық аппарат мүшелерінің қозғалыстары мен қалпын біріктіру, дыбыстың артикуляциялық базасын жасау, ауа ағыны мен дауысын қосу, жеке дыбысты дұрыс айтуға дағдыландыру жұмыстары жүргізіледі.

Дыбысты машықтандыру кезеңінің негізгі мақсаты – дыбысты фразалық сөйлеуінде дұрыс айтқызуға қол жеткізу. Жұмыстың мазмұны – қойылған дыбыстың жеке айтылуын, кезектілікпен буындарда (ашық, жабық, тұйық), сөздерде (сөздің басында, ортасында, аяғында), сөз тіркестерінде, сөйлемдерде (жай және құрмалас сөйлемдерде, жаңылтпаштар мен жұмбақтарда), байланыстып сөйлеу тілінде және өзіндік сөйлеуіне енгізу.

Дыбысты ажырату кезеңінің мақсаты – шатастырып немесе алмастырылып айтылатын дыбыстарды ажыратуға үйрету, өзіндік сөйлеу тілінде оларды дұрыс қолдануға дағдыландыру. Жұмыстың мазмұны шатастыратын немесе алмастыратын дыбыстарды артикуляциялық және акустикалық белгілері бойынша ретімен ажырату, алдымен жеке дыбыстарда, буындарда, сөздерде, сөйлемдерде, жұмбақ-жаңылтпаштарда, өзіндік сөйлеу тілінде ажырату. Дыбыстарды ажырату бойынша жүргізілетін жұмыс келесі бағыттарды іске асырылады: естіп ажыратуын дамыту, дыбысты айтып ажыратуын бекіту, фонематикалық талдау мен жинақтау дағдыларын дамыту.

№	Жұмыстың бағыты. Мақсат және күтілетін нәтиже	Жетістіктерін белгілеу + немесе –	Ескерту
1	I. Сөйлеудің фонетикалық-фонематикалық құрамы 1. [Л],[Р] дыбысын қою және дыбыстарды автоматтандыру. [Л], [Р] дыбысын буындарда, сөздерде, сөйлемдерде, байланыстырып сөйлеу тілінде машықтандыру. Л-Р дыбыстарын ажырату. 2. Дыбыс пен әріпті ажырату; - Дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырату (дыбыс сызбасы); - Дыбыстық-әріптік талдау мен жинақтау дағдыларын дамыту; 3. Дыбыстық-буындық талдауын дамыту. - сөздегі бірінші және соңғы буынды, дыбысты ерекшелеу; - сөздегі дыбыс, буындардың реттілігін анықтау (дыбыс, буын сызбасы); - фонематикалық қабылдауын дамыту; - буын, сөзді буынға бөлу; дауысты дыбыстардан буын құрау дағдыларын қалыптастыру;		
2	II. Лексиканы дамыту (өзінің сөйлеуі және түсіну). 3. Оқулықтағы жаңа сөздермен жұмыс: Менің отбасым (ата, әже, ана, әке, іні, қарындас, аға, әпке, отбасылық мерекелер), менің мектебім (кітапхана, асхана, сынып, спортзал), менің мекенжайым (қала, ауыл, көше), Қазақстан қалалары, жемістер (алма, алмұрт, қара өрік, жүзім, өрік, көкөністер (қызанақ, қияр, картоп, сәбіз, бұрыш, асқабақ, орамжапырақ), менің достарым, жыл мезгілдері, апта күндері, күн тәртібі, үй жануарлары, жабайы жануарлар, санамақтар мен жаңылтпаштар, ҚР мемлекеттік рәміздері. 4. Мағынасы қарама-қарсы сөздер: ауыр-жеңіл, ұзын-қысқа, алыс-жақын, қымбат-арзан, қалың-жұқа, үлкен-кіші, биік-аласа, артық-кем.		

3	III. Грамматикалық құрылымын қалыптастыру (өзінің сөйлеуі және түсіну). - Сөйлем мен сөз. - Сөйлем. Сурет бойынша сөйлем құрастыру; - Берілген сөздерден сөйлемдер құрастыру; - Сөйлемдегі сөздердің санын анықтау, сөйлемдердің графикалық модельдерін құру; - Қарапайым сұрақтарға жауап беру, сюжетті суретке қарап мәтін құрастыру; - Сюжетті суреттер бойынша әңгіме құрау;		
---	---	--	--

Дизартрияны түзетуге арналған жеке сабақтардың бағдарламасы

Бірінші жартыжылдық

Педагог-логопед: Абдималик Ә.А

Түсінік хат

Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрлігінің **2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 бұйрығының 12-қосымшасына** сәйкес бастауыш білім беруге арналған «Қазақ тілі» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасының мазмұны және дизартрияны түзету әдістемесін негізге ала отырып құрастырылды.

Дизартрия — аппаратының иннервациясының жеткіліксіздігі салдарынан сөйлеу тілінің дыбыс айтуының бұзылысы. Дизартрия – тіл бұзылыстарының ішіндегі ең күрделі түрлерінің бірі, ол сөйлеу тілінің дыбыс айту, дауыс шығару, сөйлеуде тыныс алу механизмдерінің ауытқушылығымен және сөйлеудің мәнерлігі мен екпінділігінің, ырғақтылығы мен жылдамдылықтың бұзылуымен сипатталады.

Дизартрияны түзету жұмыстары дайындық, негізгі және қорытынды кезеңнен тұрады.

Дайындық кезеңінің мақсаты:

- Бұлшықет тонусын қалыпқа келтіру;
- Артикуляциялық аппараттың моторикасын қалыпқа келтіру;
- Тілдік тыныс алуды қалыпқа келтіру;
- Дауысты қалыпқа келтіру;
- Просодиканы қалыпқа келтіру;
- Қолдың ұсақ моторикасын дамыту.

Негізгі кезеңнің мақсаты - сөйлеу тілінің барлық компоненттерін дамыту жұмысын қатар жүргізу. Дизартрияның негізгі белгілеріне дыбыс айтуының бұзылуы жатады. Дыбыс айту бұзылысы сөйлеу тілінің лексикалық – грамматикалық жағының дамуына кері әсерін тигізеді. Сондықтан, түзете – дамыту жұмыстарының барлық кезеңдерінде сөйлеу тілінің барлық компоненттерін (дыбыс айту, сөздік қоры, грамматикалық жағын, байланыстырып сөйлеуін) дамыту жұмыстарын қатар жүргізу тиімді.

Негізгі кезең үш бағыттан тұрады:

1. Айтылым дағдыларын қалыптастыру. Бұл кезең – бұзылған дыбыстарды түзету, жоқ дыбыстарды қою және дыбыстарды ажыратуға негізделген.

- Негізгі артикуляциялық қозғалыстарды қалыпқа келтіру;
- Фонематикалық естіп қабылдауын дамыту;
- Дыбыстарды қою;
- Дыбыстарды машықтандыру (ашық, бітеу, тұйық буында, сөздің басында, ортасында, сөз соңында, сөз тіркесінде, сөйлемде, байланыстырып сөйлеу тілінде);
- Дыбыстарды ажырату (жеке, буын, сөз деңгейінде);

- Буындық құрамды қалыптастыру;
- 2. *Сөйлеу тілінің лексика-грамматикалық жағын дамыту:*
 - сөзжасам дағдыларын дамыту;
 - сөзөзгерту дағдыларын дамыту;
 - сөйлем құрау дағдыларын қалыптастыру;

3. *Байланыстырып сөйлеу тілін дамыту;*

Дизарттрияны түзетудің қорытынды кезеңінің мақсаты - өткен тақырыптарды бекіту, түзете-дамыту жұмыстарының нәтижесін қорытындылау.

№	Жұмыстың бағыты. Мақсат және күтілетін нәтиже	Жетістіктерін белгілеу + немесе –	Ескерту
1	Дайындық кезеңі - Артикуляциялық бұлшықеттерге босаңсыту массажын жасау; - Тілдің бұлшықеттеріндегі (бет, ерін, тілдік бұлшықеттері) тонусын қалыпқа келтіру; - Мойынның бұлшықеттерін босаңсыту; - Өзіндік массаж жасауды үйрету; - Дауысты дыбыстардың артикуляциялық қалпын нақтылау; - Еріннің қозғалғыштығын дамыту; - Тіл бұлшықеттерінің қозғалғыштығын дамыту; - Аралас жаттығулар арқылы тіл мен төменгі жақтың қозғалысын дамыту; - Дауысты дыбыстардың артикуляциялық қалпын нақтылау; - Дұрыс тыныс алу дағдыларын қалыптастыру; - Бір тыныста бөлмей тыныс алуын қалыптастыру; - Ұзақ тыныс алу дағдыларын қалыптастыру; - Дауысты дыбыстардың артикуляциялық қалпын нақтылау; - Дауыстың жиілігін дамыту; - Дауыстың күшін дамыту; - Дауыстың модуляциясын дамыту;		

	- Сөйлеу тілінің әуезділігін қалыпқа келтіру, яғни сөйлеу тілінің ырғақтылығының, екпінін дамыту; - Дауысты дыбыстардың артикуляциялық қалпын нақтылау; - Дауыстың ритмін, қарқынын, күші мен модуляциясын дамыту; - Негізгі интонациялық типтерді қабылдауын қалыптастыру; - Эмоционалды қалпы мен интонация арқылы белгілі бір сезімдер мен көңіл-күйлерді жеткізу қабілетін дамыту; - Дауысты дыбыстардың артикуляциялық қалпын нақтылау; - Қол бұлшықеттерін күшейту; - Саусақ пен білек қозғалғыштығын, күшін және икемділігін дамыту; - Саусақтардың қозғалысын үйлестіруді дамыту: қозғалыстарды статикалық үйлестіру; қозғалыстарды динамикалық үйлестіру; қозғалыстарды ритмдық үйлестіру, ауысу; - Екі қолдың саусақтарымен және қолдарымен қимылдарды бір уақытта орындау дағдыларын дамыту; - Дауысты дыбыстардың артикуляциялық қалпын нақтылау;		
2	Негізгі кезең - Бұлшықет тонусын, артикуляциялық аппараттың қимыл-қозғалысын, тілдік тыныс алуды қалыпқа келтіру; - Дауыспен жұмыс, сөйлеу тілінің просодикалық жағын дамыту; - Фонематикалық естіп қабылдауын, дыбыстық талдау мен жинақтау дағдыларын дамыту; - «М» дыбысының артикуляциялық қалпын нақтылау, М дыбысын буында, сөзде, сөйлемдерде, байланыстырып сөйлеу тілінде машықтандыру; - М-Н дыбыстарын дыбыстарын артикуляциялық және акустикалық белгілері бойынша ажырату; - «Н» дыбысының артикуляциялық қалпын нақтылау, Н дыбысын буында, сөзде, сөйлемдерде, байланыстырып сөйлеу тілінде машықтандыру; - М-Н дыбыстарын дыбыстарын артикуляциялық және акустикалық белгілері бойынша ажырату;		

	- «П» дыбысының артикуляциялық қалпын нақтылау, П дыбысын буында, сөзде, сөйлемдерде, байланыстырып сөйлеу тілінде машықтандыру; - П-Б дыбыстарын дыбыстарын артикуляциялық және акустикалық белгілері бойынша ажырату; - «Б» дыбысының артикуляциялық қалпын нақтылау, Б дыбысын буында, сөзде, сөйлемдерде, байланыстырып сөйлеу тілінде машықтандыру; - М-Н дыбыстарын дыбыстарын артикуляциялық және акустикалық белгілері бойынша ажырату; - «Т» дыбысының артикуляциялық қалпын нақтылау, Т дыбысын буында, сөзде, сөйлемдерде, байланыстырып сөйлеу тілінде машықтандыру; - Т-Д дыбыстарын дыбыстарын артикуляциялық және акустикалық белгілері бойынша ажырату; - «Д» дыбысының кинестетикалық бейнесін қалыптастыру; - «Д» дыбысын сөз тіркестерінде дұрыс айтуға машықтандыру; - Т-Д дыбыстарын дыбыстарын артикуляциялық және акустикалық белгілері бойынша ажырату; - «В» дыбысының артикуляциялық қалпын нақтылау, В дыбысын буында, сөзде, сөйлемдерде, байланыстырып сөйлеу тілінде машықтандыру; - В-Ф дыбыстарын дыбыстарын артикуляциялық және акустикалық белгілері бойынша ажырату; - «Ф» дыбысының артикуляциялық қалпын нақтылау, Ф дыбысын буында, сөзде, сөйлемдерде, байланыстырып сөйлеу тілінде машықтандыру; - В-Ф дыбыстарын дыбыстарын артикуляциялық және акустикалық белгілері бойынша ажырату;		
--	---	--	--

Бірінші жартыжылдықтан соң, жеке дамыту бағдарламасы бойынша жетістіктер белгіленеді. «-» болған мақсаттар келесі жартыжылдыққа ауыстырылады.

Ызың және ысқырық («С-Ш», «З-Ж») дыбыстарды түзетуге арналған топтық сабақтардың бағдарламасы

Бірінші жартыжылдық

Педагог-логопед: Абдималик Ә.А

Түсінік хат

Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрлігінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығының бастауыш білім беру деңгейінің үлгілік оқу бағдарламалары мен оқулықтарының мазмұнындағы ортақ тақырыптары және дыбыс айту бұзылыстарын түзету кезеңдерін (Қ.Қ.Өмірбекова, Г.Б.Ибатова) негізге ала отырып құрастырылды.

Дыбыстарды түзету жұмысы кезең-кезеңімен жүргізіледі және оны 4 негізгі кезеңге бөліп қарастырамыз: дайындық кезеңі, дыбысты қою кезеңі, дыбысты дұрыс айтуға машықтандыру кезеңі және ұқсас дыбыстардан ажырату кезеңі. Әр кезеңнің өзінің мақсаты мен міндеттері бар. «С, Ш, З, Ж» дыбыстарын түзетуге арналған күнтізбелік-тақырыптық жоспар аталған 4 кезеңнің мақсат-міндеттерін негізге ала отырып құрастырылған.

Дайындық кезеңінің негізгі мақсаты – дыбысты дұрыс қабылдап, қайталауға қажетті сөйлеу-есту және сөйлеу-қимыл анализаторларын дайындау. Бұл кезеңде дыбыстың артикуляциялық қалпын, бағытталған ауа ағынын және фонематикалық есту қабілетін дамыту, тірек дыбыстар бойынша жұмыстар жүргізіледі.

Дыбысты қою кезеңінің мақсаты – жеке дыбысты дұрыс, анық айтуға үйрету. Аталған кезеңде жаттықтырылған артикуляциялық аппарат мүшелерінің қозғалыстары мен қалпын біріктіру, дыбыстың артикуляциялық базасын жасау, ауа ағыны мен дауысын қосу, жеке дыбысты дұрыс айтуға дағдыландыру жұмыстары жүргізіледі.

Дыбысты машықтандыру кезеңінің негізгі мақсаты – дыбысты фразалық сөйлеуінде дұрыс айтқызуға қол жеткізу. Жұмыстың мазмұны – қойылған дыбыстың жеке айтылуын, кезектілікпен буындарда (ашық, жабық, тұйық), сөздерде (сөздің басында, ортасында, аяғында), сөз тіркестерінде, сөйлемдерде (жай және құрмалас сөйлемдерде, жаңылтпаштар мен жұмбақтарда), байланыстып сөйлеу тілінде және өзіндік сөйлеуіне енгізу.

Дыбысты ажырату кезеңінің мақсаты – шатастырып немесе алмастырылып айтылатын дыбыстарды ажыратуға үйрету, өзіндік сөйлеу тілінде оларды дұрыс қолдануға дағдыландыру. Жұмыстың мазмұны шатастыратын немесе алмастыратын дыбыстарды артикуляциялық және акустикалық белгілері бойынша ретімен ажырату, алдымен жеке дыбыстарда, буындарда, сөздерде, сөйлемдерде, жұмбақ-жаңылтпаштарда, өзіндік сөйлеу тілінде ажырату. Дыбыстарды ажырату бойынша жүргізілетін жұмыс келесі бағыттарды іске асырылады: естіп ажыратуын дамыту, дыбысты айтып ажыратуын бекіту, фонематикалық талдау мен жинақтау дағдыларын дамыту.

№	Жұмыстың бағыты. Мақсат және күтілетін нәтиже	Жетістіктерін белгілеу + немесе –	Ескерту
1	I. Сөйлеудің фонетикалық-фонематикалық құрамы 1. [С], [Ш], [З], [Ж] дыбысын қою және дыбыстарды автоматтандыру. [С], [Ш], [З], [Ж] дыбыстарын буындарда, сөздерде, сөйлемдерде, байланыстырып сөйлеу тілінде машықтандыру. Ш-С, З-Ж дыбыстарын ажырату. 2. Дыбыс пен әріпті ажырату; - Дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырату (дыбыс сызбасы); - Дыбыстық-әріптік талдау мен жинақтау дағдыларын дамыту; 3. Дыбыстық-буындық талдауын дамыту. - сөздегі бірінші және соңғы буынды, дыбысты ерекшелелеу; - сөздегі дыбыс, буындардың реттілігін анықтау (дыбыс, буын сызбасы); - фонематикалық қабылдауын дамыту; - буын, сөзді буынға бөлу; дауысты дыбыстардан буын құрау дағдыларын қалыптастыру;		
2	II. Лексиканы дамыту (өзінің сөйлеуі және түсіну). 5. Оқулықтағы жаңа сөздермен жұмыс: Менің отбасым (ата, әже, ана, әке, іні, қарындас, аға, әпке, отбасылық мерекелер), менің мектебім (кітапхана, асхана, сынып, спортзал), менің мекенжайым (қала, ауыл, көше), Қазақстан қалалары, жемістер (алма, алмұрт, қара өрік, жүзім, өрік, көкөністер (қызанақ, қияр, картоп, сәбіз, бұрыш, асқабақ, орамжапырақ), менің достарым, жыл мезгілдері, апта күндері, күн тәртібі, үй жануарлары, жабайы жануарлар, санамақтар мен жаңылтпаштар, ҚР мемлекеттік рәміздері. 6. Мағынасы қарама-қарсы сөздер: ауыр-жеңіл, ұзын-қысқа, алыс-жақын, қымбат-арзан, қалың-жұқа, үлкен-кіші, биік-аласа, артық-кем.		

3	III. Грамматикалық құрылымын қалыптастыру (өзінің сөйлеуі және түсіну). - Сөйлем мен сөз. - Сөйлем. Сурет бойынша сөйлем құрастыру; - Берілген сөздерден сөйлемдер құрастыру; - Сөйлемдегі сөздердің санын анықтау, сөйлемдердің графикалық модельдерін құру; - Қарапайым сұрақтарға жауап беру, сюжетті суретке қарап мәтін құрастыру; - Сюжетті суреттер бойынша әңгіме құрау;		
---	---	--	--